

Маңғыстау облысының Арман кен орнын игеруге қосу және Өліқолтық ауданында геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 22 маусым 1994 ж. N 702

Маңғыстау облысының Арман кен орнын игеруге қосу және Өліқолтық ауданында геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі, Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі ұсынған, Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктерімен және ведомстволарымен келісілген Қазақстан-американ бірлескен кәсіпорнын құру және оның "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы мен Қазақстан жағынан "Жарқын" мемлекеттік холдинг компаниясы және американ жағынан "Орикс Қазақстан (Арман) энерджи компани" арасындағы Арман кен орнын игеру жөніндегі қызметі туралы келісімі мақұлданды.

2. "Мұнайгаз" мемлекеттік холдинг компаниясының президенті Б.Д.Елемановқа Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Маңғыстау облысының Өліқолтық ауданындағы барлау алаңында өнімді үлеске қарай бөлу туралы контрактіге қол қою тапсырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі Маңғыстау облысының Арман кен орнын игеру мен Өліқолтық ауданындағы алаңды барлауға лицензия (кен бөлуге акті берумен) ресімдесін.

4. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, Маңғыстау облысының әкімі бірлескен кәсіпорны қызметінің ұйымдастыру мәселелерін шешуге жәрдем көрсетсін және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен "Орикс Қазақстан (Арман) энерджи компани" компаниясын барлық қажетті лицензиялармен және рұқсаттармен қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі, Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі:

Маңғыстау облысының әкімімен бірге бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне бірлескен кәсіпорнының басқарушы органдарына Қазақстан жағынан өкілдер тағайындау туралы ұсыныс енгізісін;

оларды жүзеге асыру барысында аталған құжаттардың ережелері мен шарттарын орындауға бақылау жасалуын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК